

## Кеден комитетінің N 145-П бұйрығына өзгерістер енгізу мен N 152-П бұйрығының күшін жою туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1996 жылғы 14 қазан N 202-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 27 қарашада N 24 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000.03.18. N 93 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің нормативті актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 170-бабына сәйкес келтіру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1995 жылғы 16 қазандағы N 145-П бұйрығымен бекітілген "Уақытша сақтау туралы (уақытша сақтау қоймалары туралы)" ережесінің 6.4-тармағының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің "Уақытша сақтау туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы N 145-П бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" 1996 жылғы 30 шілдедегі N 152-П бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының "Уақытша сақтау" 25-тарауымен анықталған уақытша сақтау тәртібі басшылыққа алынсын.

4. Облыстық Кеден басқармаларының бастықтары, кедендердің бастықтары кеден органдары құратын уақытша сақтау қоймаларын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырсын және 1996 жылғы 10 қарашаға дейін баяндап хабарласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның Бірінші орынбасарына жүктелсін.

Төраға